



ХҒТАР 06.52.17  
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-149-162>

## Қазақстан халқының өмір сүру деңгейіне АӘК әсерін бағалау

Г.Р. Даулиева<sup>id</sup>, Ә.Ғ. Сағынбай\*<sup>id</sup>

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [galiya.daulieva@kaznu.kz](mailto:galiya.daulieva@kaznu.kz), [\\*sagynbayasel@gmail.com](mailto:*sagynbayasel@gmail.com))

**Аңдатпа.** Қазіргі таңда кедейлік проблемасы еліміздің ең өткір, шешімін әлі таппаған мәселесінің біріне айналуға, соңғы жылдардағы геосаяси көші-қон, табиғи апаттар, табыс теңсіздігінің алшақтығы салдарынан сұрақ одан сайын ушығуда. Кедейлікпен күрес жолында әртүрлі көмектер мен әдістер пайдаланылады. Соның бірі – ол атаулы әлеуметтік көмек. Дегенмен бұл көмек түрінің кедейлік мәселесін шешуіне, кедей халықтың табысына қаншалықты дәрежеде әсер етіп жатқандығына аса назар аударылмайды. Сондықтан бұл жұмыстың мақсаты – халықтың өмір сүру деңгейіне әлеуметтік көмек, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмектің ықпалын талдау болып табылады. Мақалада кедей және табысы төмен халыққа тағайындалатын әлеуметтік көмектің бір түрі – атаулы әлеуметтік көмек (бұдан ары қарай АӘК) зерттеледі. Негізінен атаулы әлеуметтік көмек табысы төмен отбасының азық-түлік кәрзеңкесін қамтамасыз етуге, ең бірінші базалық қажеттіліктерін өтеуге көмектесуі тиіс. Зерттеу нәтижелері бойынша АӘК-тің кедей отбасыларына өте аз деңгейде әсер ететіні дәлелденді. Бұндай өте төмен әсердің себебін АӘК-тің орташа айлық мөлшерінің аздығымен және осындай әлеуметтік көмектерді алу принципінің дұрыс сақталмауымен түсіндіреміз. Сонымен қатар мақалада кедей үй шаруашылығының табысындағы АӘК-тің үлесі өте төмен екендігі анықталды. Атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізудегі кедергілердің 50%-ы ретінде кедей халыққа арналған атаулы әлеуметтік көмек туралы халықтың ақпаратпен қамтамасыз етілмеуін жатқызамыз.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік саясат, әлеуметтік қорғау жүйесі, өмір сүру деңгейі, атаулы әлеуметтік көмек, кедейлік, табыс теңсіздігі, Джини индексі.

## Кіріспе

Қазіргі таңда кедейлікті жою Тұрақты даму мақсаттарының ең бірінші кезекте шешілуі тиіс міндеті. Қазақстан экономикасы үшін де кедейлік пен табыс теңсіздігі ең өзекті проблемаға айналуда. Экономикаға геосаяси және көші-қон қысымының ықпалымен Қазақстан Республикасында теңсіздік пен кедейліктің өсу қаупі едәуір артуы мүмкін.

Нақты статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстандағы орта тап өкілдері 3%-дан аспайды, халықтың көп бөлігі кедейлік шегінде немесе сол шамаға жақын табысқа өмір сүреді. 2023 жылы кедейлік деңгейі 5,2%-ды, 1 млн 69 мың адамды құрады [1]. Ал бұл көрсеткіш Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес 15,5%-ды құрайды [2].

Жалпы халықты әлеуметтік-экономикалық қорғау жүйесі, елдің экономикасын алға сүйреп, тұрмысы төмен халықтың, кедей отбасылардың өмір сүру деңгейін көтеріп, олардың жағдайларына тез бейімделе алуы тиіс. Соңғы жылдардағы табиғи стихиялық апаттар, кедей топтардың көбеюі, жетім балалардың санының өсуі, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының өсуі, саяси мәселелер, енді шаңырақ көтерген жас отбасылардың табысының төмендегі, тұрғын-үй мәселесі, коммуналды қызметтердің бағасының жоғарылауы әлеуметтік жүйенің өз қызметін атқаруында қосымша қиындықтар тудырып, ушықтырып отыр. Сол себептен әлеуметтік қамсыздандыру саясаты осындай жағдайларға тез бейімделіп, шет ел тәжірибесін ескере отырып, инновацияларды ескеріп, жаңа технологиялар мен идеяларды өз қызметінде қарастыруы керек [3,4].

Біз үнемі Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы экономикасы өте тез қарқынмен жылжығанын алға тартамыз, дегенмен әлі күнге дейін әлсіз тұстары көптеп кездесуде. Халықтың әлеуметтік қорғалуына теріс әсер етіп жатқан әлеуметтік-экономикалық қорғау жүйесінде бірқатар шешімін таппаған қаржыландырудың жеткіліксіздігі, құқықтық базаның төмендігі, жәрдемақыны тағайындау бойынша алаяқтықтар, жалған өтінім берушілердің көбеюі сынды мәселелер бар. Бұл мәселелер әлеуметтік-экономикалық қорғау саясатының қызмет сапасын нашарлатып, тағайындау мерзімін одан сайын ұзарта түспек. Сол себепті әлеуметтік саясатты жетілдіру механизмдеріне тағы да жаңа ұсынымдар әзірлеу керек. Ең бірінші кезекте әлеуметтік көмектің бір түрі – «атаулы әлеуметтік көмек» түріне нақты анықтама берейік.

«Атаулы әлеуметтік көмек» – бұл табысы төмен үй шаруашылықтарына, кедей және өте кедей халыққа, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін табыс алатын отбасыларға, әртүрлі себептермен өмірлік қиындыққа тап болып, табысынан айырылған адамдарға мемлекеттен заңды ай сайын төленетін ақшалай және өмір сүру деңгейін жоғарылату мақсатында мемлекет тарапынан жасалынатын қызметтер бойынша көмек түрі [1].

Атаулы әлеуметтік көмек екі түрде жүзеге асырылады:

- біріншісі, кедей халыққа ай сайын тағайындалып, мемлекеттен төленетін белгілі бір мөлшердегі ақшалай көмек түрі;
- кедей отбасыларына ақшалай емес, өз-өзін асырай алу қабілетін дарыту мақсатында жұмысқа орналастыру, білім беру, денсаулығын қарау сияқты мемлекеттен жасалынатын көмек түрі.

2023 жылы мемлекеттен бөлінетін атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасын қаржыландыру 67,3 миллиард теңгеге жетіп, дегенмен былтырғы жылға қарағанда 1,2 млрдқа азайды. 2022 жылы қаржыландыру 68,5 миллиард теңгені құраған болатын [1]. Бұның себебі атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау принципін өзгеруінде, мысалы, қазір көпбалалы ана ретінде алынатын көмек АӘК тағайындауда отбасы табысына жатқызылып есептеледі. Оған дейін бұл көмекті отбасы табысы ретінде қоспайтын. Ал 2021 жылға дейін туыстарының да табысын мемлекет қарастыратын болған. 2021 жылдан бастап тек өз отбасы мүшелерінің табысын ғана қарастыру туралы үкім шықты. Сондықтан 2021 жылы салыстырмалы түрде ең көп АӘК тағайындалды, сәйкесінше қаржыландыру да көбірек болды, 88,2 млрд теңге.

Атаулы әлеуметтік көмек елдегі кедейлік, аштық, табыс теңсіздігі сияқты мәселелерді шешуде маңызды болып табылады. Себебі атаулы әлеуметтік көмек табысы төмен отбасыларға тек қана ақшалай көмек беріп қана қоймай, сонымен қатар кедей халықтың табысын көтеру мақсатында жұмыс беру, білім беру т.б сияқты көмек түрлерін де ұсынады. Бұл көмек түрі озық елдердің де, дамушы елдердің де практикасында бар. Дегенмен нақты біздің елдің практикасындағы АӘК кедей халықтың жағдайына қаншалықты әсер етіп жатқандығы туралы талдаулар өте аз [5].

## Әдеби шолу

Отандық және шет елдік әдебиеттерде кедейлік пен теңсіздік мәселесі ұзақ уақыт бойынағалымдармен зерттеліп келеді. Бұл мәселелердің экономикасына қауіп төндіріп, бәсекеге қабілетін төмендетіп, елдің дамуын тежейтін факторлар болғандықтан, бұл тақырыптарды зерттеуге ғалымдар тарапынан аса жоғары қызығушылық байқалады. Сонымен қатар, кедейлік пен теңсіздікті жою, азайту барысында жүргізіліп жатқан әдістер мен тәсілдер әлі күнге дейін нақты құрал бола алмауда, сондықтан жаңа идеялар мен ұсыныстар ойлап табу әлі де актуалды [6,7].

Негізінен әлеуметтік-экономикалық қорғау жүйесі, халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етіп, адамдардың негізгі қажеттіліктерін өтеуіне жәрдемдеседі. Азиялық Даму банкі анықтамасы бойынша, әлеуметтік көмек жүйесі кедей халықтың табысын жоғарылату мақсатында еңбекке орналасу мүмкіндігін білім беру арқылы қолдау, арнайы жұмысқа орналастыру, халықты өзін-өзі асырауына мүмкіндік беру сияқты көмек түрлерін ұсынатын саясат түрі. Бұл көмек түрі табысы төмен, қорғалмаған, кедей және өте кедей халыққа, мүгедек, қарт адамдарға, белгілі бір себептермен қиын жағдайға ұшыраған отбасыларға тағайындалып, олардың өмір сүру деңгейін көтереді [8, 9].

Осы уақытқа дейін қолданылып келген кедейлік пен табыс теңсіздігін жоюға, азайтуға арналған микроқаржыландыру, әлеуметтік көмек бағдарламалары, әлеуметтік қызметтер бұл мәселені шешуге құрал бола алмады. Керісінше осындай көмек түрлеріне деген тәуелділік тудырып, одан сайын ушықтырып жіберді. Сәйкесінше кедейлікпен күрес жолында озық инновация, жаңа технология мен идеяларды ойлап табуға мәжбүр етті [10].

Соңғы жылдары ғалымдар кәсіпкерлікті, жаңа технологияларды және жаңа әдістерді пайдалану арқылы кедейлікпен күресу мен елдің дамуы, экономикалық өсу арасындағы байланысты зерттеуге назар аудара бастады [11].

Қазақстандық ғалымдар кедейлік пен теңсіздік мәселесіне арналған көп зерттеулер жасады. Өңірлік теңсіздік және оның экономикалық өсумен байланысын көбірек зерттеді. Нәтижесінде экономикалық стратификация мен табыс теңсіздігіне кәсіптік білім беру, экономикалық деңгей мен динамикасы, денсаулық сақтау, еңбек нарығы оң ықпал ететіні дәлелденді. Сондай-ақ, экономикалық өсу мен теңсіздік арасындағы байланысты қарастырды, бұл байланыс шет елдік инвестициялардың жоғарылауы мен сауданың алшақтығы сынды көрсеткіштерді қарастыра отырып зерттелді [12].

Келесі бір зерттеушілер теңсіздіктің аймақ бойынша, аудандар бойынша әртүрлілігін алға тартып, Джини индексі мен нақты кірістердің әр аймақтағы ЖІӨ-ге байланысын талдап, кіріс пен теңсіздіктің оң байланысын дәлелдеді. Сондай-ақ, кедейліктің көбеюіне, табыс теңсіздігінің ұлғаюына аймақтар арасындағы алшақтық оң әсер ететіні де анықталды. Қазақстанның осал өңірлерін, кедей өңірлерді нақты анықтауға арналған әдіснамалық карта, депрессиялық өңірлерді дамыту стратегиялары бойынша жаңа әдістер ұсынылды [13].

Халықтың өмір сүру деңгейін анықтайтын басты көрсеткіштер кедейлік пен табыс теңсіздігі көрсеткіштері мен атаулы әлеуметтік көмек арасындағы байланысты ескере отырып, келесі гипотезалар тексеріледі:

H0: Атаулы әлеуметтік көмек кедейлікке теріс әсер етеді

H1: Атаулы әлеуметтік көмек табыс теңсіздігіне теріс әсер етеді

## **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысында авторлардың қолданған статистикалық көрсеткіштері 1996-2023 жыл аралығын қамтиды. Бұл статистика негізінде негізгі айнымалылардың бір-біріне әсері, өз-ара байланысы талданып, корреляциялық-регрессиялық көпфакторлы модель құрылды. Модель құру үшін пайдаланылған бағдарламалық жасақтама – Eviews және SPSS 17.0 талдау пакеті.

Жұмыста көптеген көрсеткіштердің арасындағы байланысты анықтайтын қарапайым сызықтық модель – көптік сызықтық регрессия құрылып, Пирсон корреляциялық көрсеткіші мен R2 –детерминация коэффициенті пайдаланылды.

Пирсонның корреляция көрсеткіші – екі көрсеткіш арасындағы байланысты талдау үшін қолданады, бұл жердегі екі көрсеткіш бір үлгіде метрикалық шкала бойынша өлшенеді. Бұл коэффициент екі көрсеткіштің өзгеруінің қаншалықты бір-біріне дәл, яғни қаншалықты пропорционалды екенін бағалайды.

Детерминация коэффициент – бір айнымалының өзгеруінің екінші айнымалының өзгеруімен қаншалықты байланысы барын анықтау үшін пайдаланылады. Бұл коэффициент 0,0 мен 1,0 арасындағы мәндерді қабылдайды. 1-толық сенімді дегенді,

яғни болжанған деректер тура, дәл сәйкес келеді, 0,0-деректерді дәл болжауға болмайтынын көрсетеді.

Біз еліміздегі АӘК-тің кедей халықтың өмір сүру деңгейіне қалай әсер етіп жатқандығын анықтау үшін өте маңызды статистикалық коэффициенттер, кедейлік көрсеткіштері (кедейлік деңгейі, кедейлік ауырлығы, кедейлік тереңдігі) мен табыс теңсіздігі (Джини индексі, қор коэффициенті) көрсеткіштерінің атаулы әлеуметтік көмекпен байланысын эконометрикалық модельде қарастырамыз. Төменде модельде пайдаланылған барлық статистикалық ақпарат ресми көздерден, Ұлттық статистика бюросы мен Ұлттық банк сайттарынан табылып алынды.


### **Нәтижелер мен талқылау**

Жалпы алғанда, атаулы әлеуметтік көмек (ары қарай АӘК) кедей отбасылардың табысын ең төменгі күнкөріс шамасына дейін жоғарылатуға, халықтың ең басты қажеттіліктерін өтеуге, базалық азық-түлікпен қамтамасыз етуге қауқары жетуі тиіс. 2023 жылы ресми статистика деректері бойынша, Қазақстан Республикасында 598 441 мың кедей халыққа АӘК ай сайын тағайындалды. Атаулы әлеуметтік көмекті алуға өтініш әр 6 ай сайын тапсырылады. АӘК-тің орташа алғандағы айлық мөлшері жан басына орташа бөлгенде – 12 188 теңге. Бұл атаулы әлеуметтік көмек мөлшері әр аймақтың экономикалық дамуына қарай шамалы өзгеріп отыруы мүмкін [1].

Еліміздегі АӘК-тің кедей халықтың өмір сүру деңгейіне қалай әсер етіп жатқандығын анықтау үшін өте маңызды статистикалық коэффициенттер, кедейлік көрсеткіштері (кедейлік деңгейі, кедейлік ауырлығы, кедейлік тереңдігі) мен табыс теңсіздігі (Джини индексі, қор коэффициенті) көрсеткіштерінің атаулы әлеуметтік көмекпен байланысын эконометрикалық модельде қарастырамыз.

Ұлттық статистика бюросының статистикасын зерттеуіміз бойынша, 2009-2023 жылдары ҚР табыс теңсіздігінің төмендеуін байқауға болады. 2009 жылы Джини индексі 0,309 дан 2023 жылы 0,291-ке дейін азайғанын анықтадық. Ал қор коэффициентін алатын болсақ (ең бай 10 пайыз халық пен ең кедей 10 пайыз халықтың бөліндісі), бұл индекс 1,78 есе азайды, 2023 жылы 5,98 мәнге ие болды [2].

Бұл жақсарудың себебі, экономиканың алдыға жоғары қарқынмен дамуы аясындағы кірістерді сатып алу қабілетінің өсуімен түсіндіреміз. Ал кірістердің сатып алу қабілетінің өсуі өз кезегінде 2010-2017 жылдар аралығындағы ЖІӨ өсуінің, мұнай мен металл бағаларының үздіксіз өсіп отыруының салдарынан болып табылады. Төмендегі диаграммада табыс теңсіздігі (Джини индексі) мен кірістерді сатып алу қабілеті (тұтынуға жұмсалған кіріс пен күнкөріс деңгейінің арақатынасы арқылы есептелді) арасындағы байланыс талданды.



Сурет 1. Табыс теңсіздігі мен кірістерді сатып алу қабілеті арасындағы байланыс, (2010-2023 жж.)

Ескерту: авторлар Eviews-та құрастырған

Табыс теңсіздігі мен кірістерді сатып алу қабілетінің арасында Пирсон корреляция көрсеткіші,  $r = -0,8$  мәнге ие болды, ал корреляцияның өзінің сенімділік пайызы 98%-ды құрады. Біз ары қарай қарапайым сызықтық көптік регрессияны құрып,  $R^2$  детерминация көрсеткішін анықтадық, 0,65 ке тең болды. Яғни, табысы төмен кедей халықтың үлесінің өзгерісі, 65% ықтималдылықпен табыстың сатып алу қабілетінің өзгерісі салдарынан болады деген қорытынды шығара аламыз.

Қазақстан республикасы аз қорғалған, кедей және өте кедей халыққа жәрдем беру, өмір сүру деңгейін жоғарылату, азық-түлік кәрзеңкесін толықтыру мақсатында әлеуметтік көмек түрі, атаулы әлеуметтік көмек тағайындайды. Бұл көмектің ай сайын төленетін жан басына шаққандағы айлық мөлшері 2010-2023 жылдары 10,3 есе өсті. Яғни 2010 жылы 1 183 теңгеден 2023 жылы 12 188 теңгеге дейін өсті. Осы жылдары ең төменгі жалақы 2,8 есе жоғарылап, еңбекке жарамды халықтың күнкөріс деңгейінен асып түсті.

Кесте 1. Корреляциялық кесте (1996-2023 жылдар аралығы)

	қор коэффициенті	Джини индексі	ең төменгі жалақы	АӘК-тің орташа мөлшері
қор коэффициенті	1			
Джини индексі	0.99	1		
ең төменгі жалақы	- 0.90	- 0.92	1	
Атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері	- 0.37	- 0.42	0.51	1

Ескерту: авторлар Eviews-та құрастырған

Жоғарыдағы (1-кесте) 1996-2023 жылдардағы көрсеткіштердің корреляциялық талдауынан ең төменгі жалақы мен теңсіздік көрсеткіштері (Джини индексі, қор коэффициенті) арасындағы тығыз теріс байланысты көре аламыз (-0,90 мен -0,92 мәнге ие). Яғни, елдегі минималды жалақының өсуі табыс теңсіздігінің азаюына әкеледі, және керісінше. Бұл табыс теңсіздігімен күрес жүргізу механизмінде негізгі әдіс ретінде қолдануға болады.

Ең маңыздысы, бұл талдау атаулы әлеуметтік көмек пен табыс теңсіздігі арасында байланыстың нашар, әлсіз екенін дәлелдеп берді (-0,37 мен -0,42). Дегенмен теріс, әлсіз байланыс анықталды. Ал атаулы әлеуметтік көмек пен ең минималды жалақы арасында орташа оң байланыс дәлелденді (0,51). Демек, талдаудан шығатын қорытынды бойынша, атаулы әлеуметтік көмек тұрмысы төмен кедей халықтың жағдайының жақсаруына өте нашар ықпал етеді, яғни, атаулы әлеуметтік көмек кедейлік пен табыс теңсіздігімен күрес құралы ретінде өте әлсіз. Бұндай әлсіз байланысты ай сайын төленетін АӘК-тің жан басына шаққандағы мөлшерінің аздығымен түсіндіруге болады. Жалпы ел бойынша 2023 жылы бұл көрсеткіш 12 188 теңге көлемінде ғана белгіленді. Қазіргі таңда коммуналдық қызметтер, азық-түлік бағаларының күннен күнге өсіп жатқандығы белгілі, осы тұста 12 188 теңге кедей халықтың өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер ете қоймасы анық.

Атаулы әлеуметтік көмек қалай тағайындалады? Бұл көмек түрі аз қамтылған, мемлекет белгілеген кедейлік шегінен төмен табыс табатын кедей және өте кедей халыққа, әр аймақтың өзінің арнайы құрылған комиссия шешімі бойынша бекітіледі. Кедейлік шегі 2023 жылы 28 397 теңгені құралы, ол ең минималды күнкөріс деңгейінің 70% -ына тең. Демек, жеке-жеке барлық отбасы мүшелерінің әрқайсының табысы 28 397 теңгеге жетпесе, ол отбасы аз қамтылған кедей отбасы құрамына жатқызылып, ол отбасының әрбір мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек тағайындалады.

Ресми ақпараттар бойынша, 2023 жылы кедей халық (кедейлік деңгейі) – 5,2% ды, 1 млн 69 мың адамды құрады. Бірақ атаулы әлеуметтік көмекті алушылар саны дәл сол жылы 598 441 адамды, 114,1 мың отбасын құраған болатын. Демек, 470 901 адам, ал ол есептегенде барлық ел бойынша кедейлердің 44,1 %-ына АӘК тағайындалған жоқ.

Осы жерден келіп атаулы әлеуметтік көмектің басты проблемасы шығады, көптеген кедей халық АӘК бағдарламасы туралы хабарсыз. Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмектің атаулылығы деген ең маңызды принципі орындалмай тұр.

Кесте 2. Атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылу

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Кедейлер үлесі, %	4,3	4,3	5,3	5,2	5,2	5,2
Кедейлердің саны, адам	625450	801167	1 619 000	996 816	1 021 491	1 069 342
АӘК тағайындалған адам саны	571 584					
АӘК-пен қамту, халықтың санынан %	3,1	11	4,9	5,1	3,9	2,99

АӘК-пен қамту, кедей халықтан %	91,4	271,7	57,8	99,3	75,9	55,9
---------------------------------	------	-------	------	------	------	------

Ескерту: авторлар дереккөзге сәйкес құрастырған [1]

Егер 2 кесте бойынша, 2018-2023 жылдарды алып қарайтын болсақ, ел бойынша атаулы әлеуметтік бағдарламамен жалпы халықты қамту 0,11%-ға азайған, ал кедей халық жалпы ел бойынша 2 есеге жуық өскен. 2023 жылы кедей халықты атаулы әлеуметтік көмек бағдарламамен қамту алдыңғы жылдармен салыстырғанда төмендеп, 55,9 пайызды құрады. Негізінен атаулы әлеуметтік көмектің ең басты мақсаты кедейлердің азық-түлік кәрзеңкесін жабуға ғана бағытталғанын естен шығармау керек. Яғни, атаулы әлеуметтік көмек кедейлердің көп бөлігін қамтығанның өзінде, елдің кедейлік проблемасын шеше алмайды (2 - кесте).

Қазақстан экономикасы даму коэффициенті жағынан әлдеқайда алдыға жылжығанымен, өзінің барлық халқына ең базалық азық-түлігін өтейтін жағдайды қамтамасыз ете алмай отыр деуге болады.

Атаулы әлеуметтік көмектің өз принципін жүзеге асырмауының ең басты себебі осы бағдарламаны тағайындаудағы алаяқтықтар болып табылады. Демек, көптеген отбасылар АӘК алу үшін өз мүліктерін, табыстарын жасырып, мемлекеттік органға құжат тапсырып жалған түрде ай сайын белгіленген көмек алып отыр. Бұндай алаяқтықтардың көп бөлігі елімізде Түркістан өңірінде анықталуда. Яғни алаяқтардың кесірінен, шын мұқтаж отбасылар көмек ала алмай отыр. Себебі бұл бағдарламаға бөлінетін қаражат шектеулі. Осындай мәселе кесірінен АӘК кедей халықтың санын азайтуға, өмір сүру сапасын арттыруға байланысты өз жұмысын атқаруда үлкен кедергі келуде.

Келесі кезекте Атаулы әлеуметтік көмектің кедей халыққа әсерін бағалау үшін, минималды күнкөріс негізгі лауазымдық жалақы-ны (БДО) есептеу әдіснамасын пайдалана отырып, АӘК-ті халық табысына қосқан жағдайдағы және АӘК-ті халық табысына қоспаған жағдайдағы кедейліктің көрсеткіштері салыстырылады. Біз бұл арқылы кедей халық атаулы әлеуметтік жәрдемақыны алғандағы және алмағандағы кедейлік деңгейі көрсеткішінің өзгерісін салыстырып көреміз. Бұл талдауды ҚР ресми статистикасы, Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы зерттеулері негізінде есептейміз. Бағалау нәтижесі бойынша, кедейлердің үлесіндегі атаулы әлеуметтік көмектің рөлі өте әлсіз екені тағы да дәлелденді. Кедейлік деңгейі АӘК көмек түрін алмаған жағдайдан, АӘК көмек түрін алғаннан кейін тек 0.09 пайызға ғана төмендеді.

Кесте 3. АӘК-тің кедейлер үлесіне әсері

Үй шаруашылығы	Кедей халық	Кедей емес халық
АӘК-пен кедейлік деңгейі	8,21	91,80
АӘК-сіз кедейлік деңгейі	8,30	91,70

Ескерту – есептеулерді авторлар SPSS 17.0 талдау пакетін пайдалана отырып жүргізді



Кедей халыққа бағытталған атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасының ең басты мәселесі: АӘК-алушылар көмекке шын мәнінде мұқтаж ба, олардың бұл көмек түрін алуға барлық белгіленген норма бойынша құқығы бар ма деген сияқты мәселелер. Жоғарыда атап өткенімідей, атаулы көмек түрін алудағы түрлі алаяқтықтар күннен күнге әшкереленіп, тіркеліп жатыр. Табысы кедейлік шегінен асып кетсе, мүлдем АӘК бағдарламасына қатысуға құқығы жоқ. Осы проблеманың кесірінен кедейлердің өмір сүру деңгейін жоғарылатуға деп мемлекеттен бөлінген қаражат өз мақсатына жұмсалмай жатыр.

2023 жылы кедей халық 1 млн 69 мың адамды құрады. Бірақ атаулы әлеуметтік көмекті алушылар саны дәл сол жылы 598 441 адамды құраған болатын. Демек, 470 901 адам, ал ол есептегенде барлық ел бойынша кедейлердің 44,1%-ына АӘК тағайындалған жоқ. Бұның себебі, бұндай көмек түрі жайлы көптеген аз қамтылған, кедей халықтың хабарсыздығы, әсіресе ауылды аймақтарда көбірек кездеседі. Осы мәселе бойынша зерттеу нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек туралы халықтың хабардарлығы халықтың әл ауқатымен оң байланысты екені анықталды. Яғни халықтың тұрмысы жақсы болған сайын, ол интернет желісі, телевидения сияқты әлеуметтік желілерге деген қолжетімдігі арта түседі, сол әлеуметтік желілер арқылы атаулы көмек туралы ақпаратпен хабардар бола алады. Ал өте кедей, интернетке қолжетімділігі жоқ адам үшін бұл мәселе шешімін табуы тиіс.

Тағы бір аса назарды аудартатын атаулы әлеуметтік көмек алудағы кедергі ретінде көші-қон мәселесі атап өтіледі. Яғни АӘК-ке өтінім берерде тұрақты мекен-жай талап етіледі, ал көші-қон миграциясына байланысты, тұрғын үй мәселесіне байланысты көптеген кедейлердің тұрғылықты үйлері жоқ, соның салдарынан бұндай құжаттар тіркеу мүмкін болмайды. Сондай-ақ өтінім берер кезде құжаттарды принтерден өткізу, жол ақысы, ксерокопия деген сынды шығындар орташа табыс алатын адам үшін қиындық туғызбағанымен, кедей халық үшін үлкен мәселе.

Демек, соңғы өткен уақыттардан Қазақстан Республикасында халықтың өмір сүру деңгейін көрсететін табыс теңсіздігі, кедейлік көрсеткіштері бойынша оң өзгерістерді бақылағанымызбен, әлеуметтік қорғау жүйесінде әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан, мемлекет тарапынан аса назар аударылмай жатқан мәселелер өте көп. Соның бірі – атаулы әлеуметтік көмек.

## **Қорытынды**

Зерттеу нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек кедейлік пен табыс теңсіздігі көрсеткіштеріне өте әлсіз теріс ықпал ететіні анықталды. Бұндай әлсіз байланысты ай сайын төленетін АӘК-тің жан басына шаққандағы мөлшерінің аздығымен түсіндіруге болады. Жалпы ел бойынша 2023 жылы бұл көрсеткіш 12 188 теңге көлемінде ғана белгіленді. Қазіргі таңда коммуналдық қызметтер, азық-түлік бағаларының күннен күнге өсіп жатқандығы белгілі, осы тұста 12 188 теңге кедей халықтың өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер ете қоймасы анық.

Атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізудегі кедергілердің 50%-ы ретінде кедей халыққа арналған атаулы әлеуметтік көмек туралы халықтың ақпаратпен қамтамасыз

етілмеуін жатқызамыз. АӘК туралы халықтың хабардарлығы халықтың әл ауқатымен оң байланысты екені анықталды. Яғни халықтың тұрмысы жақсы болған сайын, ол интернет желісі, телевидения сияқты әлеуметтік желілерге деген қолжетімдігі арта түседі, сол әлеуметтік желілер арқылы атаулы көмек туралы ақпаратпен хабардар бола алады. Ал өте кедей, интернетке қолжетімділігі жоқ адам үшін бұл мәселе шешімін табуы тиіс.

Атаулы әлеуметтік көмектің өз принципін жүзеге асырмауының ең басты себебі осы бағдарламаны тағайындаудағы алаяқтықтар болып табылады. Демек, көптеген отбасылар АӘК алу үшін өз мүліктерін, табыстарын жасырып, мемлекеттік органға құжат тапсырып жалған түрде ай сайын белгіленген көмек алып отыр. Осы проблеманың кесірінен кедейлердің өмір сүру деңгейін жоғарылатуға деп мемлекеттен бөлінген қаражат өз мақсатына жұмсалмауды. Сондай-ақ, АӘК кедей халықтың санын азайтуға, өмір сүру сапасын арттыруға байланысты өз жұмысын атқаруда үлкен кедергі келуде.

Атаулы әлеуметтік көмек жайлы хабардарлықты жоғарылату мақсатында авторлар бірнеше іс-әрекеттер жиантығын ұсынады:

- ҚР беделді теле арналарында жарнама ролик ұсыну;
- Интернет желілерінде АӘК туралы жарнама ролик жариялау;
- Ауылды жерлерде мектеп, балабақша, аурухана орындарында түсіндірме семинарларын ұйымдастыру;
- АӘК туралы әдістемелік-нұсқау материалдарын тарату.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан берілетін ақшалай көмекке деген халық арасында тәуелділікті туғызбас үшін, халыққа арнайы білім беру, жұмысқа орналастыру қажет. Әлеуметтік келісім-шарттың тиімділігін арттыру мақсатында «Еңбек» жаппай кәсіпкерлік пен жұмыспен қамту бағдарлама аясында жүзеге асыру ұсынылады. Сонымен қатар, кедей халыққа жаңа кәсіпті меңгеруіне арналған арнайы оқыту сабақтарын (бизнес-жоба аясында толық сүйемелдеу) жүзеге асыру орындарын құру қажет.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленген (грант №АР 23489032 «Қазақстан өңірлерінде табыс теңсіздігі және кедейлік деңгейін төмендетуге шағын және орта кәсіпкерліктің әсерін әлеуметтік турбуленттіліктің жергілікті тәуекелдерін азайту тұрғысында зерттеу»).

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Даулиева Галия** – зерттеудің тұжырымдамалық негіздері, гипотезаларды тұжырымдау, эмпирикалық деректерді өңдеу, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, нәтижелерді талқылау.

**Сағынбай Әсел** – әдебиетке шолу, деректер жинау, кестелер мен сызбаларды дайындау, әдістемені таңдау, деректерді эконометрикалық талдау және мақаланың негізгі мәтінін дайындау.

Алғыс, мүдделер қақтығысы мақалада жоқ.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. [Электрон. ресурс] -URL: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 10.04.2024)
2. World bank (2023). The World Bank in Kazakhstan: Development news, research, data. The world bank, Kazakhstan, 2023 - [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> (қаралған күні: 11.04.2024), (ағылшын тілінде)
3. Miladinov, G. (2020). Socioeconomic Development and Life Expectancy Relationship: Evidence from the EU Accession Candidate Countries. *Genus*, 76(1), 2. DOI: <https://doi.org/10.1186/s41118-019-0071-0>
4. Alcaide Lozano, V., Moliner, L. A., Murillo, D., & Buckland, H. (2019). Understanding the effects of social capital on social innovation ecosystems in Latin America through the lens of Social Network Approach. *International Review of Sociology*, 29(1), 1–35. DOI: <https://doi.org/10.1080/03906701.2019.1609747>
5. Kireyeva, A.A., Nurlanova, N.K., & Kredina, A. (2022). Assessment of the socio-economic performance of vulnerable and depressed territories in Kazakhstan. *R-economy*, 8(1), 21–31. DOI: <https://doi.org/10.15826/recon.2022.8.1.002>
6. Adam, D., Olilingo, F. Z., & Santoso, I. R. (2022). Analisis Pengaruh Pendidikan dan Pengangguran Terhadap Kemiskinan di Kawasan Kerjasama Utara-Utara. *Jurnal Ekonomi Pembangunan STIE Muhammadiyah Palopo*, 8(1), 97–111. DOI: <https://doi.org/10.35906/jep.v8i1.1039>
7. Arkum, D., & Amar, H. (2022). The Influence of Economic Growth, Human Development, Poverty and Unemployment on Income Distribution Inequality: Study in the Province of the Bangka Belitung Islands in 2005-2019. *Jurnal Bina Praja*, 14(3), 413–422. DOI: <https://doi.org/10.21787/jbp.14.2022.413-422>
8. Dinar, M. I., Sifa, N., & Nurfahmiyati, N. (2022). Strategi dalam Mengatasi Pengangguran Akibat COVID-19 di Kelurahan Sukagalih Kota Bandung. *Bina Ekonomi: Majalah Ilmiah Fakultas Ekonomi Universitas Katolik Parahyangan*, 26(1), 63–75. DOI: <https://doi.org/10.26593/be.v26i1.5440.63-75>
9. Faizin, Moh. (2021). Pengaruh Upah Minimum, Kemiskinan dan Pengangguran pada IPM di Kabupaten/ Kota Provinsi Jawa Timur. *Jurnal Samudra Ekonomi dan Bisnis*, 12(2), 214–227. DOI: <https://doi.org/10.33059/jseb.v12i2.3027>
10. Jie Wu, Steven Si, Haifeng Yan (2022) /*Asian Business & Management*, 2022, vol. 21, issue 2, No 1, 155-183. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41291-020-00113-3>.
11. Battilana, J., B. Leca, E. Boxenbaum (2019). “How Actors Change Institutions: Towards a Theory of Institutional Entrepreneurship.” *The Academy of Management Annals* 3 (1): 65–107. DOI: <https://doi.org/10.1080/19416520903053598>
12. Mukhamediyev, B.M., Temerbulatova, Z.S., & Gazda, J. (2022). Trends in Income Inequality and Economic Growth: a Bibliometric Analysis. *Economics: the Strategy and Practice*, 17(4), 158-169, DOI: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-158-169>
13. Kuzembekova, R. A., & Zhanbyrbaeva, A. N. (2022) Socio-economic factors of poverty in rural areas of Almaty region and prospects for their regulation. *Economics: the strategy and practice*, 17(3), 81- 95. DOI: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-81-95>
14. Rindova, V., D. Barry, J. D. J. Ketchen (2019). “Entrepreneurship as Emancipation.” *Academy of Management Review* 34 (3): 477–491. DOI: <https://doi.org/10.5465/amr.2009.40632647>
15. Steven Si, David Ahlstrom, Jiang Wei, John Cullen (2020) *Business, Entrepreneurship and Innovation Toward Poverty Reduction, Entrepreneurship & Regional Development*, 32:1-2, 1-20, DOI: <https://doi.org/10.1080/08985626.2019.1640485>
16. Putra, F.P., Anis, A., & Ariusni. (2022). Pengaruh Pertumbuhan Ekonomi, Indeks Pembangunan Manusia, dan Kebijakan Pemerintah terhadap Kemiskinan di Sumatera Barat. *Jurnal Kajian Ekonomi dan Pembangunan*, 4(1), 9–18. DOI: <https://doi.org/10.24036/jkep.v4i1.13302>

Г.Р. Даулиева, А.Г. Сағынбай\*  
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

### Оценка влияния АСП на уровень жизни населения Казахстана

**Аннотация.** В настоящее время проблема бедности становится одной из самых острых, еще не решенных проблем страны, еще больше обостряется вопрос из-за геополитической миграции последних лет, стихийных бедствий, разрыва в неравенстве доходов. В борьбе с бедностью используются различные средства и методы. Одна из них – это адресная социальная помощь. Однако особо не обращается внимания на то, насколько этот вид помощи влияет на решение проблемы бедности, на доходы бедного населения. Поэтому целью данной работы является анализ влияния социальной помощи, в том числе адресной социальной помощи на уровень жизни населения. В статье исследуется один из видов социальной помощи бедному и малообеспеченному населению – адресная социальная помощь (далее АСП). В основном адресная социальная помощь должна помочь обеспечить продовольственную корзину малообеспеченной семьи, в первую очередь, удовлетворить базовые потребности. Результаты исследования показали, что АСП оказывает очень незначительное влияние на бедные семьи. Причину такого крайне низкого эффекта объясняем малым среднемесячным размером АСП и неправильным соблюдением принципа получения такой социальной помощи. Также в статье было обнаружено, что доля АСП в доходах бедных домохозяйств очень низкая. В качестве 50% барьеров в доступе к адресной социальной помощи относим необеспеченность населения информацией об адресной социальной помощи для бедного населения.

**Ключевые слова:** социальная политика, система социальной защиты, уровень жизни, адресная социальная помощь, бедность, неравенство доходов, индекс Джини

G.R.Daulieva, A. G. Sagynbay\*  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

### Assessment of the impact of TSA on the standard of living of the population of Kazakhstan

**Abstract.** Currently, the problem of poverty is becoming one of the most acute, unresolved problems of the country, the issue is becoming even more acute due to the geopolitical migration of recent years, natural disasters, and the gap in income inequality. Various means and methods are used in the fight against poverty. One of them is targeted social assistance. However, special attention is not paid to the extent to which this type of assistance affects the solution of the problem of poverty, on the incomes of the poor. Therefore, the purpose of this work is to analyze the impact of social assistance, including targeted social assistance on the standard of living of the population. The article examines one of the types of social assistance to the poor and low-income population - targeted social assistance (hereinafter referred to as TSA). Basically, targeted social assistance should help to provide a food basket for a low-income family, first of all, to meet basic needs. The results of the study showed that TSA has very little impact on poor families. The reason for this extremely low effect is explained by the small average monthly size of the

TSA and improper observance of the principle of receiving such social assistance. The article also found that the share of TSA in the income of poor households is very low. The 50% of barriers to access to targeted social assistance include the lack of information on targeted social assistance for the poor.

**Keywords:** social policy, social protection system, standard of living, targeted social assistance, poverty, income inequality, Gini index

## References

1. Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulattyk statistika byurosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://stat.gov.kz> (accessed: 10.04.2024)
2. World bank (2023). The World Bank in Kazakhstan: Development news, research, data. The world bank, Kazakhstan, 2023. Available at: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> (accessed: 11.04.2024) [in English].
3. Miladinov, G. (2020). Socioeconomic Development and Life Expectancy Relationship: Evidence from the EU Accession Candidate Countries. *Genus*, 76(1), 2. DOI: <https://doi.org/10.1186/s41118-019-0071-0>.
4. Alcaide Lozano, V., Moliner, L. A., Murillo, D., & Buckland, H. (2019). Understanding the effects of social capital on social innovation ecosystems in Latin America through the lens of Social Network Approach. *International Review of Sociology*, 29(1), 1–35. DOI: <https://doi.org/10.1080/03906701.2019.1609747>.
5. Kireyeva, A.A., Nurlanova, N.K., & Kredina, A. (2022). Assessment of the socio-economic performance of vulnerable and depressed territories in Kazakhstan. *R-economy*, 8(1), 21–31. DOI: <https://doi.org/10.15826/recon.2022.8.1.002>.
6. Adam, D., Olilingo, F. Z., & Santoso, I. R. (2022). Analisis Pengaruh Pendidikan dan Pengangguran Terhadap Kemiskinan di Kawasan Kerjasama Utara-Utara [Analysis of the Effect of Education and Unemployment on Poverty in the North-North Cooperation Area]. *Jurnal Ekonomi Pembangunan STIE Muhammadiyah Palopo*, 8(1), 97–111. DOI: <https://doi.org/10.35906/jep.v8i1.1039> [in Indonesian].
7. Arkum, D., & Amar, H. (2022). The Influence of Economic Growth, Human Development, Poverty and Unemployment on Income Distribution Inequality: Study in the Province of the Bangka Belitung Islands in 2005-2019. *Jurnal Bina Praja*, 14(3), 413-422. DOI: <https://doi.org/10.21787/jbp.14.2022.413-422>.
8. Dinar, M. I., Sifa, N., & Nurfahmiyati, N. (2022). Strategi dalam Mengatasi Pengangguran Akibat COVID-19 di Kelurahan Sukagalih Kota Bandung [Strategies in overcoming unemployment due to COVID-19 in Sukagalih Village, Bandung City]. *Bina Ekonomi: Majalah Ilmiah Fakultas Ekonomi Universitas Katolik Parahyangan*, 26(1), 63–75. DOI: <https://doi.org/10.26593/be.v26i1.5440.63-75> [in Indonesian].
9. Faizin, Moh. (2021). Pengaruh Upah Minimum, Kemiskinan dan Pengangguran pada IPM di Kabupaten/ Kota Provinsi Jawa Timur [The influence of Minimum Wages, Poverty and Unemployment on Human Development Index in Districts/Cities in East Java Province]. *Jurnal Samudra Ekonomi dan Bisnis*, 12(2), 214–227. DOI: <https://doi.org/10.33059/jseb.v12i2.3027> [in Indonesian].
10. Jie Wu, Steven Si, Haifeng Yan (2022) /Asian Business & Management, 2022, vol. 21, issue 2, No 1, 155-183. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41291-020-00113-3>.
11. Battilana, J., B. Leca, E. Boxenbaum (2019). “How Actors Change Institutions: Towards a Theory of Institutional Entrepreneurship.” *The Academy of Management Annals* 3 (1): 65–107. DOI: <https://doi.org/10.1080/19416520903053598>.

12. Mukhamediyev, B.M., Temerbulatova, Z.S., & Gazda, J. (2022). Trends in Income Inequality and Economic Growth: a Bibliometric Analysis. *Economics: the Strategy and Practice*, 17(4), 158-169, DOI: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-4-158-169>.

13. Kuzembekova, R. A., & Zhanbyrbaeva, A. N. (2022) Socio-economic factors of poverty in rural areas of Almaty region and prospects for their regulation. *Economics: the strategy and practice*, 17(3), 81- 95. DOI: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-81-95>.

14. Rindova, V., D. Barry, J. D. J. Ketchen (2019). "Entrepreneurship as Emancipation." *Academy of Management Review* 34 (3): 477–491. <https://doi.org/10.5465/amr.2009.40632647>.

15. Steven Si, David Ahlstrom, Jiang Wei, John Cullen (2020) Business, Entrepreneurship and Innovation Toward Poverty Reduction, *Entrepreneurship & Regional Development*, 32:1-2, 1-20, DOI: <https://doi.org/10.1080/08985626.2019.1640485>.

16. Putra, F. P., Anis, A., & Ariusni. (2022). Pengaruh Pertumbuhan Ekonomi, Indeks Pembangunan Manusia, dan Kebijakan Pemerintah terhadap Kemiskinan di Sumatera Barat [Effect of economic growth, Human Development Index, and government policy on poverty in West Sumatra]. *Jurnal Kajian Ekonomi dan Pembangunan*, 4(1), 9–18. DOI: <https://doi.org/10.24036/jkep.v4i1.13302> [in Indonesian].

#### Авторлар туралы мәлімет

**Г.Р. Даулиева** – э.ғ.к., профессор м. а. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, экономика кафедрасының жетекшісі, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

**Ә.Ф. Сағынбай** – хат-хабар авторы, докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

**Г.Р. Даулиева** – к.э.н., и.о.профессора, заведующая кафедрой Экономики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

**А.Г. Сағынбай** – автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан

**G.R. Dauliyeva** – candidate of economic sciences, acting professor, Head of the Department of Economics, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi Ave, 050040, Almaty, Kazakhstan

**A.G. Sagynbay** – corresponding author, PhD candidate, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi Ave, 050040, Almaty, Kazakhstan



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).